

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГЫНЫҢ КӘСІБИ ТАЛЫҒУ МЕН СТРЕСС ЖАҒДАЙЫН БАСҚАРУ МӘСЕЛЕСІН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕУ

Мухтарова Мульдир

«Білім берудегі менеджмент» ББ II курс магистранты,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Атырау қ, Қазақстан
Ғылым жетекшісі, п.ғ.д., қауымдастырылған профессор - Мұханбетжанова
А.У.

Мемлекеттің экономикалық өмірінде нарықтық қоғам келместен бұрын білім беру жүйесінде барша оқушыға жаппай жан-жақты, әрі түбегейлі оқыту білім беру саласының мақсаттарынан болса, қазіргі таңда оқушыға бағытталған білім беру басты мақсат болып өзгеруде. Осы тұста мұғалімдердің немесе педагогтардың кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару мәселесіне де мән беріле бастады. Соңғы жылдары «кәсіби талығу», «стресс» ұғымдарына кеңінен мән бере отырып қарастыру шаралары да өз деңгейінде жүзеге асырылып келеді.

Педагогтардың, мұғалімдердің кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару іс-әрекеттерінің басты мақсаты-білім алушылардың түрлі мүмкіндіктерін аша білу, білім беру саласының барлық тетіктерін тіке оқушының потенциалын ашуға жұмсау болып табылады.

Қазіргі таңда, жалпы тәуелсіздік алғаннан бастап елімізде білім беру саласында бірнеше кезеңнен тұратын реформалау саясаты жүзеге асырылды. Реформалау арқылы білім беру жүйесін күрделендіру, сабақтарды өткізу формаларын әртүрлендіру, жаңартылған мазмұндағы білім беру салалары, оқушылардың сыни ойлауын қалыптастыруға бағытталған жаңашыл технологияларды білім беру саласына енгізу-осының барлығы мұғалімдерге, оның ішінде бастауыш сынып педагогтарының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқаруылуын артуына септігін тигізбей қоймайды.

Білім беру мекемесі әлеуметтік құрылымдық жүйе болып табылады. Бұл жүйеде педагогтар, мұғалімдердің кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару арқылы қоғамға бейімделе алатын, білімді және тәрбиелі оқушы тұлғасын қалыптастыру. осы мақсатқа жету үшін мектеп әлеуметтік құрылым ретінде өз қызметін жүзеге асырады. Сондықтан бұл әлеуметтік құрылымдық жүйе болғандықтан бұл мекемеде (яғни мектепте) басшы бар, ұйымдастырушы және басқару рольдерінің біршама бөлшегін өзіне алатн ұйымдастырушы педагог бар және сондай-ақ педагогтардың қауымдастығы, яғни ұжым бар. Осы аталған топтардың арасында оңтайлы қарым-қатынас құру мен мұғалімдердің кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару арқылы білім беру мекемесінің алдына қойылған барлық оқыту және тәрбиелеу ге бағытталған мақсаттарына қол жеткізеге болады. Бұл дегеніміз білім беру жүйесін тиімді басқарудың маңыздылығы өте зор дегенді білдіреді.

Сонымен, басқару дегеніміз не? Осы анықтамаға педагогикалық мекемені басқару ұғымымен байланыстыра отырып тоқталсақ. Басқару ұғымы көптеген менеджмент саласындағы ғылыми әдебиеттерде ықпал ету ұғымымен байланыстырылады.

Мұғалімдердің кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару туралы ғылыми айналымға ұғым енгізе бастағандар Кикель Е.Н., Барндур А.М. бойынша басқару дегеніміз-белгілі бір жүйеге өзгерістер алып келу мақсатында жүргізілетін ықпал ету немесе әсер ету техникалары мен әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Бұл түсінік педагогикалық басқаруға да тиесілі. Педагогикалық басқаруда да педагогикалық ұйымды немесе педагогикалық мекемені белгілі бір құрылымдық әлеуметтік жүйе

ретінде бөліп алып қарайтын болсақ, сол жүйеге дамытушылық пен өзгерістер алып келу үшін жүргізілетін әсер ету шараларының жиынтығын педагогикалық мекмеені басқару деп атауымызға болады.

Бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару туралы көптеген зерттеулер жүргізгендердің бірі Сластенин В. А. автордың пайымдауында педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару дегеніміз сол мекемені алға жылжытуға бағытталған белгілі бір мақсатқа сүйене отырып, мекемеде белгілі бір іс- әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған шаралар, жаңашыл технологиялар мен әдіс- тәсілдердің жиынтығын айтамыз. Сол автор яғни Сластенин В.А. педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару, мектепті басқару немесе мектепшілік басқару ұғымдарына да анықтама беруге тырысқан. Ол бойынша, яғни автордың пайымдаулары бойынша бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқарудың өзіне тән заңдылықтары бар. Өйткені мектеп басқа мекемелерден өзінің әлеуметтік құрылымымен, білім мен тәрбие беруге бағыттылығымен, ортақ мүдде үшін ұжым мүшелерінің әрекет етуімен ерекшеленеді. Сол үшін де педагогтың кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқарудың, мектептегі білім мен тәрбиелеу процесін немесе білім беру іс- әрекеттерін ұйымдастырудың білім беру мекемелеріне тән заңдылықтарын естен шығармағанымыз абзал. Міне, автор бойынша:

«Бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқаруда мектеп басшылығы немесе мектепте басқару мен ұйымдастырумен айналысатын педагог ұйымдастырушылар сол заңдылықтарды игере білуі керек және біртұтас педагогикалық үдерісті қалыптастыруда мектеп әкімшілігі-мектеп педагогтары- оқушылар-оқушының ата- анасы арасындағы оңтайлы қарым-қатынастардың өрбуіне жағдай жасай білуі керек» деп санады. Сонда ғана мектепте білім мен тәрбие беру үдерісінен белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізуге болады деп санады автор.

Басқару ұғымына, оның ішінде педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару ұғымдарына жеке-жеке анықтама беруге тырысқан авторлардың келесісі Жайтапова А.А болып табылады. Автордың айтуы бойынша мектеп ұжымын басқаруда сол ұжымның өзінің кәсіби іс-әрекеттеріне байланысты белгілі бір мақсаттар жүйесі болуы керек. яғни педагог алдына мақсат қоя білуі керек. Ол мақсаттар жалпы мектепшілік және жекелеген педагогтардың кәсіби құзыреттіліктеріне байланысты қалыптасуы мүмкін. Міне, мектепті басқарушы тұлға сол мақсаттарға жету үшін арнайы оңтайлы шешімдер мен айла-тәсілдер кешенін меңгерген болуы керек.

Кеңестер Одағы тұсындағы мектептерде және жалпы білім беретін мекемелерде басқарудың 4 иерархиялық тобы болған және мектептегі барлық дерлік басқарушылық құзыреттілік мектеп директоры мен оның орынбасарларына сәйкестендірілген (тең дәрежеде басқарушылық қызметтерді бөлісе отырған). Қазір де әрбір сыныпта өзін-өзі басқару жүйесі білім беру саласына енгізілгендіктен, қазіргі таңда ұйымдастырушы педагог қызметінің қоғам талабына сұранысына айналғандықтан жағдай біршама өзгерді. Мектептің басқарушылық қызметінде педагогқа ұйымдастырушылық және басқарушылық өкілеттіліктер берілді және сынып болып өзін-өзі басқару жүйесіне айналу керек деген ұстанымдар педагогикалық менеджмент саласында кеңінен ұсыныла басталды.

Педагогика және менеджмент ғылымы салаларында бастауыш сынып мұғалімінің педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару туралы зерттеулер қазіргі күн өткен сайын көбейе түсуде. Өйткені жоғарыда айтқанымыздай, қазіргі заманғы бастауыш сынып педагогін қалыптастырып шығару-бүгінгі заманғы білім беру саласының басты талаптарының бірі болып табылады. ТМД және Қазақстан аумағындағы ғалымдар «педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару» ұғымдарына кеңінен

түсініктер беріп, осы тақырып аясында көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді. Атап айтар болсақ, О.Ю. Заславская өзінің зерттеулерінде бұрынғы заман педагогтарының кәсіби қызметі қазіргі заман педагогтарынан біршама айырықшаланады. Бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару туралы зерттеген авторлардың бірі К.А. Боженова болып табылады. М.И. Марьина., И.В. Иванихина «бастауыш сынып педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару моделін» ұғымына анықтама бере отырып, бұл ұғымның астарына педагогтың өзінің принциптеріне сәйкес келетін түрде, бүкіл ресурстарын пайдалану арқылы жүзеге асырылатын басқарушылық қабілеттерінің жиынтығы деген пікір білдірді.

Басқарушы педагогтың жеке қасиеттері мен лидерлік мінез бітістері туралы зерттеген ғалымдардың бірі В.С. Безрукова болып табылады. Автордың пайымдауынша жеке адамның бойында қоғамдық отраға тез бейімделе алатын және адамдармен тең дәрежеде қарым- қатынас құра алатын, жауапкершілік сезімі басым және ұйымдастырушылық қабілеттері жетік меңгерілген тұлға педагог басқарушылық құзыреттілігі жоғары деңгейде болатындығын (байқалатындығын) мәлімдейді.

О. П. Денисованың пікірінше бастауыш сынып педагогының бойында төмендегі айтылатын тұлғалық қасиеттердің барлығы дерлік кездесе, сол педагогта басқарушылық құзыреттілік қалыптасқан болып саналады.

Бастауыш сынып педагогының басқарушылық қасиеттері туралы зерттеген келесі автор- А.С. Антохина болып табылады. Автор басқарушылық қасиеттері өте жақсы қалыптасқан бастауыш сынып педагогына жеке тұлғалық сипаттама жасай отырып, осы педагогытың бойындағы қасиеттер педагогтың кәсіби жетілуіне және кәсіби өзін-өзі табуына тікелей әсер етеді деп санады.

Л.С. Бондаренко өз еңбегінде мектептегі басқару деңгейлері туралы бірінші сөз келтірген, ол бойынша: «Мектепте басқарудың екі деңгейі бар. Біріншісі жалпы мектепті білім беретін ұйым ретінде жалпылама (жаппай) басқару. Бұл деңгейде мектеп директоры мен мектеп әкімшілігінің кәсіби және басқарушылық құзыреттілігі жүзеге асырылады. Бұрындары педагогтар тек білім беру үдерісін ұйымдастырушы, оқушыға білім беруші функцияларымен шектеледі деп жеткіздірілсе, қазіргі таңда педагог-сол оқыту процесін толық ұйымдастырып, басқаратын, жүзеге асыратын тұлға ретінде алға тартылады». Автор білім беру саласындағы жаңарулар, реформалардың барлығы бастауыш сынып мұғаліміне жаңашыл талаптар қоятынын мәлімдеп, білім беру саласындағы өзгерістер мұғалімге де көптеген құбылмалылықтарды алып келетіндігін айтады.

Бастауыш сынып мұғалімі-оқыту және білім беру процесінің басқарушысы болу керек. бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты қалыптасқан болуы да білім беру үдерісінің тиімділігіне тікелей әсер етеді дейді автор. Мұғалімнің тұлғалық қасиеттерінің ішінде шыншылдық, адамдық, балаға деген сүйіспеншілік, өз кәсібін ұнату т.б. қасиеттермен бір қатарда мұғалімде, әсіресе бастауыш сынып мұғалімінде басқарушылық қасиеттер болуы керек деген талаптарды бөліп жарып айтады автор өз еңбектерінде.

Бүгінгі таңдағы бастауыш білім беру жүйесіне өз білімін балаларға түрлі инновациялық тәсілдердің көмегімен жеткізіп бере алатын, баланы сабаққа қызықтыра алатын, өзі тұлға ретінде қызық, әрі терең адам болған педагог керек. сонымен қатар бастауыш сынып педагогі осы жоғарыда аталған қасиеттермен бір қатарда жақсы, көреген басқарушы да бола білуі керек. бастауыш сынып педагогының бойынша басқарушылық қасиеттер жоғары оқу орындарында білім алып жатқан сәттерден бастап қалыптасқан болса, мектеп қабырғасына мұғалім болып келген педагогтің оқыту-танымдық прогцесті, яғни білім беру үдерісін өз деңгейінде ұйымдастыра алатындығына көз жеткізе аламыз.

Бастауыш сынып мұғалімі тек білімді жеткізуші, сабаққа қызықтырушы тұлға ғана емес, бұл оқыту үдерісін диагностикалайтын, білім беруде қай жерде қате кетіп жатқанын анықтайтын эксперт маман, сонымен қатар оқыту іс-әрекетіне бағыт-бағдар беретін, жаңашыл талаптарға білім беру үдерісі жауап бере мпе, жоқпа соны қадағалайтын, ғылыми педагогикалық шешімдер қабылдайтын, өзінің педагогикалық іс-әрекетіне бақылау жасайтын кәсіби маман болып табылады. Бастауыш сынып педагогының басты мақсаты-бастауыш сынып оқушысының дамуын қамтамасыз ету болып табылғандықтан, сол баланы дамытуға бағытталған барлық білім беру, оқыту және тәрбиелік шараларды басқаратын, жүзеге асыратын, бұл педагогикалық іс-әрекеттерді диагностикалайтын, кеткен қателерді қайта түзейтін-осы аталғандардың барлығы, яғни баланы дамытуға бағытталған педагогикалық шешімдердің барлығын қабылдайтын, бір сөзбен айтқанда бастауыш білім беру жүйесін басқаратын ол мұғалім. бір сөзбен айтқанда қазіргі бастауыш сынып мектегіне педагог- менеджер керек. Педагог-менеджер баланың барлық қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту үрдісін ұйымдастыра білуі керек.

Бастауыш білім беру саласында белгілі бір уақыт аралығында балалармен белгілі бір оқу- танымдық іс-әрекеттерді жүргізіп, белгілі бір оқу нәтижелеріне қол жеткізу көзделеді. Осы аталған оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін белгілі бір ресурстар жұмсалып көзделеді. Осы процесті бастауыш сынып мұғалімі басқарады және педагогының кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару нәтижесінде білім беру жағдайында оқушылардың бойында (білімінде, тірбиесінде, танымында) өзгерістер жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып педагогының бойында кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару құзыреттіліктерінің қалыптасқан болуы сол педагогтың белгілі бір психологиялық қасиеттерінің болуын талап етеді. Бұл психологиялық қасиеттерге мәселен, мәмілеге келу, келісім жасау, ұйымдастырушылық қасиеттері, басқарушылық қасиеттері және т.б. Аталмыш қасиеттерді бастауыш сынып мұғалімі білім алушы болып жоғары оқу орындарында педагогика мен жас ерекшеліктер психологиясы пәндерін оқыту барысында, тағы да басқа бастауыш оқушылардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты пәндерді оқыту барысында басқарушылық құзыреттіліктеріне қажетті психологиялық қасиеттерді өз бойына жинақтай бастайды. Ол өз кезегінде бұл білім алушының мектеп қабырғасына барып, бастауыш буын білім саласына қызметке тұрғанда, яғни шынайы практикаға бетпе-бет келгенде мәмілеге келу, келісім жасау, ұйымдастырушылық қасиеттері, басқарушылық қасиеттері одан әрі жетіле түседі. «Педагогтың кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару» ұғымы педагогика, психология және білім беру менеджменті салаларында соңғы жылдарда пайда болып, еніп жатқан ұғымдардың бірі болып табылады. Педагогтың кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару дегеніміз –білім беру саласын басқаруға педагогтың кәсіби дайындық деңгейін айтамыз. Қазіргі педагогикалық қызметтің ерекшелігі – жоғары эмоционалдық жүктеме мен тұрақты психологиялық кернеуде жұмыс істеу. Осыған байланысты педагогтар арасында «кәсіби талығу» (эмоционалдық күйіп кету) феномені жиі кездеседі. Кәсіби талығу ұғымын ғылыми айналымға алғаш енгізген Herbert Freudenberger. Ол бұл құбылысты адамның ұзақ уақыт бойы эмоционалдық шамадан тыс жүктемеге ұшырауы нәтижесінде пайда болатын психикалық күй ретінде сипаттаған. Ал Christina Maslach кәсіби талығуды үш негізгі компонент арқылы түсіндіреді: эмоционалдық шаршау – күш-қуаттың сарқылуы, жұмысқа деген қызығушылықтың төмендеуі; деперсонализация – оқушыларға, әріптестерге суық қарым-қатынас; жеке жетістіктердің төмендеуі – өз кәсіби тиімділігін төмен бағалау. Педагог қызметінде бұл белгілер оқыту сапасының төмендеуіне және тұлғалық дамудың тежелуіне әкелуі мүмкін. Бастауыш сынып мұғалімі – баланың тұлғалық қалыптасуында шешуші рөл атқаратын тұлға. Бұл

кезеңде оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мұғалімнен ерекше қарым-қатынас пен шыдамдылықты талап етеді. Лев Выготский еңбектерінде бастауыш жастағы балалардың дамуы әлеуметтік қарым-қатынас арқылы жүзеге асатыны көрсетілген. Сондықтан мұғалімнің эмоционалдық күйі оқушы дамуына тікелей әсер етеді. Педагог қызметінің ерекшеліктері:

- тұрақты қарым-қатынас (оқушылар, ата-аналар, әріптестер);
- жоғары жауапкершілік;
- эмоционалдық еңбек;
- уақыт тапшылығы;
- бақылау және бағалау функциясы.
- Бұл факторлар мұғалімнің психологиялық жүктемесін арттырады.

Сонымен бірге педагогтың бастауыш білім беру буыны саласын қаншалықты кәсіби талығу мен стресс жағдайын басқару басқара алу қабілеттілік деңгейін де басқарушылық құзыреттілігі деп айтамыз. жоғарыда айтқанымыздай, бастауыш сынып педагогы тек білім беруші ғана емес, ол сонымен бір қатарда бастауыш білім беру буынында білім беру процесін ұйымдастырушы, сол процестің өз деңгейінде ұйымдастырылуын қадағалаушы, басқарушы, педагогикалық диагностикалық шараларды жүзеге асырушы болып табылады. Бастауыш сынып педагогының кәсіби талығуы мен стрессі – күрделі психологиялық құбылыс. Ол педагог қызметінің ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Теориялық тұрғыдан қарағанда, бұл мәселені шешу үшін стресс табиғатын түсіну, оның себептерін анықтау және басқару тәсілдерін меңгеру қажет.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мұқанова Б.Ж. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі.
2. Нұртазина Р.А. Педагогикалық шеберлік негіздері.
3. Тәжібаева С.Қ. Білім берудегі психологиялық аспектілер.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту бағдарламалары
6. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты